

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, РУХЫ

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгінгі және болашағы. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп тілдің ұлт үшін қандай маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. Әлемде жаулап алушы елдердің озбырлығынан, үстемдігінен қаншама тіл жоғалып кетсе, қаншама тіл жоғалудың аз-ақ алдында тұрғаны мәлім. Сондықтан қазіргі жаһандану дәуірінде аз ұлттар мен ұлыстар өз тілдерін қорғап қалуға барынша күш салуда. Қазақстан Республикасы қазақ тілінің ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілінің дамуына барынша жағдай жасап отыр. Елбасымыздың 22- қыркүйекті «Қазақстан халықтарының тілдері күні» деп жариялауы да сол мақсаттан туған.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және

ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Ана тілімізді білу, онымен еркін сөйлеу ол мақсат емес, міндет. Қазіргі таңда бұл жағдай бір мәселеге айналып отырған секілді. Ал өзге тілдер, әсіресе, халықаралық ағылшын тілі, біздің болашағымыз үшін, мақсаттарымыздың орындалуы үшін үйренілуі керек тіл. Сол себепті, даму үстіндегі ел болғандықтан, еліміздің өркендеуіне септігімізді тигізгіміз келсе, ағылшын тілін білуіміз қажет.

Міне, осы тұста қара шаңырақ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы «Ағылшын тіліндегі мерзімді ғылыми басылымдар» атты үйірмені ашып отыр. Ол үйірмені сіз дипломдық жобаның бағаланысты қандай мақалалар, өзге де ақпараттар жайын біле аласыз.

Сөзімді қорытындылай келе, ана тілімізде әдеби сөйлеп, өзге тілдерді үйреніп, жан-жақты азамат бола білейік!

Масақ Б.Н., Әзімхан М.Н.

АНАСЫ БАР АДАМДАР ҚАРТАЙМАЙДЫ

Әлемдегі ең сұлу және ең керемет атау – «Ана». Оның қадірі мен қасиетін түсініп біту мүмкін емес. Өйткені түн ұйқысын төрт бөліп, сіз үшін өле-өлгенше жанын беретін ананың балаға деген махаббаты мәңгілік, шексіз. Алғаш көзінді ашқан кезде бауырына басып, «балам» деген анаңның әлди, бүгін беріп жартысын алған, барын беріп жоғына қанағат танытқан – анаң.

«Жұмақтың кілті анаңның табанының астында» деген сөздің мәнін ашу үшін анаңызды Меккеге үш рет апару аздық етеді. Бір тағдырды дүниеге әкеліп, бағып-қағып өсіру жауапкершіліктің үлкені. Өзінің ғана емес сіздің де алдыңыздағы борышын атқарған анаға құрметсіздік жасау келсе тек хайуанның қолынан келер. Оның өзінде төлін сүймейтін хайуан да жоқ.

Анашым, шалқып күлсең,

Алдымда ұзақ жүрсең.

Жүрегім жыр толғайды,

Көңілім ортаймайды.

Анасы бар адамдар,

Ешқашан қартаймайды.

Бұл «Анашым» әнінің бір шумағы, қандай керемет сөздер, аз да болса мағынасы терең. Біздің көңіліміз де осылай емес пе?! Қайда жүрсең те, бізді ойлап, уайымдап, тіпті ауырып қалсаң сезіп қоятын, міне осы жандар екен. Осыған байланысты мен басымнан өткен бір жағдайды айта кетейін.

Мектеп аяқтауға бір жыл қалған уақыт, яғни оныншы сыныптың жазы. Мен Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындаламын деп, үйдегілерден сұранып, қалада қалдым. Өзім жалғыз қаламын деп, жақын бір досымды анасынан сұрап алып, үйде бір апта жүруім өтіндім. Ол қуана келісті. Сонымен ол досым келісімен, сыныптастарды жиып, кеш өткізбегке кірісті. Мен ештеңе демедім. Осылай бұл бір өзі, ал бұның қарсыластары бірнешеу еді. Сонымен, соңында досым жарақат алып, ауруханаға түсті. Не керек, біраз жағдайлар, сұрақтар болып, әйтеуір, үйге түнде қайттым. Ертеңіне жағдайдың бәрін реттеп үйге қайтамын деп отырғанда, «анам» қоңырау шалды. Ешқандай оқуға қазір дайындалудың қажеті жоқ, үйге қайт, үйде дайындаласың деді. Сонда түсіндім, ана шіркін баласының қиналған жүрегін бірден сезеді екен-ау деп ойладым. Осыдан кейін ананың бәрін сезіп қоярын, сенің қуанышың, мұңың қайда жүрсеңде анаңа белгілі екенін ұқтым. Сол үшін аналарымызды құрметтейік, қадірлейік, ұзақ ғұмыр тілеп, бақытына себепкер болып жүрейік дегім келеді. Аналарымыз аман болсын!

Реймбаева Г.К., Койбагарова А.А.



АЙҚЫН МАҚСАТ

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – депті Әл-Фараби бабамыз. Мұнан өз тағдырын өзі шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екенін байқаймыз.

Отаннына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю – оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең - жырлар, мақал-мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Сенім адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Қажеттіліктерін орындау жолында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды. Адамның адалдығына сеніп, оны құрметтей білу – әдептілік. Сол сияқты бүкіл әлемге жақсылық ойлау адамның тұлғалық бейнесі.

Қазіргі заманбәсекелестік заманы болғандықтан, оқушылар, жалпы жастар қауымының арасында өнерге, білімге деген құлшыныс күн өткен сайын арта түсуде. Осы мақсатта, алдағы армандарын, ойларын нақтылау мақсатында қара шаңырақ, яғни Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірнеше іс-шара, дөңгелек үстелдер болып тұратыны анық.

Тек өзіңе сеніп, алға қарай ұмтыла білсең, арманның жолында аянбай тер төгіп, күресе білсең ғана жеңіс сенде болатыны белгілі.

Бұл дегеніміз қара шаңырақ ҚазҰУ-дың әрбір студентіне біз ең алдымен дұрыс тәрбиені көрсетіп, одан ары білімін шыңдауымыз қажет.

Тынысбек Ж., Утарова Д., Жанатаев Д.

САБАҚ БАРЫСЫНДА САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Жас ұрпақ біздің болашағымыз, сондықтан оларға кәсіби білім берумен қатар өз мамандығын сүйеге, қызығушылығын арттыруға жол ашатын саясаттар қолға алынуы керек. Осы ретте Қазақ Ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультеті шетел тыңдаушыларына, соның ішінде шетелден келген қандастарымызға білім және тәрбие беруде жоғары нәтижеге ие екендігін айта кетуімізге болады.

XXI ғасыр озық және жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда білім жүйесінде де осы технологияларды заман талабына сай, кеңінен қолдану сапалы білімге жетелейді. Әсіресе халықаралық деңгейдегі кредиттік жүйеге өткен жоғарғы оқу орындарында білім алушыға инновациялық үрдісте білім берудің жаңа жолдарын ашары сөзсіз. Ал «инновация» деген ұғымға қысқаша тоқталатын болсақ, бұл нақты қойылған мақсатқа, ойға алынған жаңа нәтиже. «Инновация» деген ұғымды кейбір авторлар «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық» деп атауға болатындығын атап көрсетеді. Демек инновациялық технологияларды пайдалану дегеніміз тек қана жаңа әдіс ойлап табу деген сөз емес,

сонымен қатар бұрын қолданып келген әдістерге жаңаша түр беру немесе сол әдіске өзгеріс енгізу болып табылады.

Шетелден келген өзге ұлт өкілдеріне тарихты лекция түрінде ғана оқыту бұл қателік. Өйткені тарихымызға қатысты дүниелердің барлығын күр сөзбен айтып жеткізе алмаймыз. Сондықтан неғұрлым көрнекіліктер көбірек қолдану керек. Көрнекіліктерді қолдана отырып сабақ түсіндіру бұрыннан да қолданылып келе жатқан әдістердің бірі екенін ескере кеткен жөн. Біз тек бұрын қолданып келген әдістерге жаңа түр береміз. Көрнекі құралдар қашанда педагогтың ауызша айтқан сөздерін нақтылайтын, бекітетін оқыту әдісінің тиімді түрі болып табылады. Көрнекіліктердің ішінде карта, диаграмма, кесте, таблица, плакат немесе борды пайдалану керектігін айтпасақ та жеткілікті. Бүгінгі күнгі пандемия жағдайында көрнекіліктерді тіпті арттыру қажет. Қазіргі таңда Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында сабақтар ZOOM платформасында өткізіліп отырғандығын айта кеткен жөн. Осы орайда түрлі сандық технологияларды пайдалану оқытушының уақытын үнемдейді. Мәселен тест алу үшін Google форм платформасын

қолдану арқылы білім алушылардың тестін автоматты түрде тексеруге мүмкіндік берсе, Kahoot платформасында ойын сабақтарын жүргізуге болады. YouTube каналдары арқылы сабаққа қатысты түрлі видеолар қосып көрсетуге болады.

Қорыта келсек, Отан тарихын түсіндіруде заманауи жаңа технологияларды қолдану – оқытушыға сабақты жоғары сапада өткізуге пайдалы және тыңдаушының түсінігіне орасан зор әсерін тигізіп, білім сапасын жоғары деңгейде көтереді. Сонымен қатар тыңдаушыларды оқуға ынталандыруға, олардың үлгерімі мен қызығушылығына ықпал етеді. Сондықтан да осындай түрлі әдістерді сабақта қолдану тыңдаушының тәрбиесіне де жақсы ықпал етеді деген ойдамыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары
М.Н.Ибрагимова, С.А.Нусупбаева,
Г.М.Мужигова